

## БӨЛІМ: МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП

## Геометриялық фигуралар.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
09.03.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/30841/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Тақырыбы:** «Отан-отбасынан басталады»

**Мақсаты:** Ата-аналар мен мектеп арасындағы қарым -қатынасты ұлғайту, олардың өз ұлттық салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Ата-аналармен балалардың бір-біріне деген түсінушілік көз қарастарын кеңейту.

**Түрі :** Ата-аналар мен балалардан құралған отбасылық топтар арасындағы сайыс түрінде өтеді.

**Көрнектілігі:** Әр отбасына арналған слайд-шоу,сиқырлы қорапша, асықтар, конверттер т.б.

**Ұйымдастыру барысы:**

«Тәрбие басы отбасынан басталады »деген, бүгінгі «Отан- отбасынан басталады» сайысымызды бастайық. Олай болса, бүгінгі сайысқа қатысушы аналарымызды балалармен бірге қошеметтеп ортаға шақырайық.

1-ші

2-ші

3-ші

4-ші

5-ші

### **Шаттық шеңбері**

*Қайырымды жандар айнала,*

*Шеңберге келсін жайлана.*

*Жалықпастан қайта біз,*

*Махаббат сөзін айтамыз.*

*Сүйеміз барлық әлемді,*

*Әлемдегі бар елді.*

*Бақыттымыз осы біз*

*Қасымызда анамыз!*

Сиқырлы қобдишадан асықтар алынып ондағы нөмерлерге байланысты сайысқа қатысу ретін анықтау.

### **Жүргізуші:**

Өнерпаздар өнерін салыстырып,  
Бәйге үшін терлетер шабыстырып.  
Әділдікті қолдайтын баға беріп,  
Жібереік қазыларды таныстырап.

Бүгінгі сайыстың әділ бағасын беріп, жеңімпазын анықтайтын әдіқазылар алқасын сайлау.

### **Сайыстың бағдарламасы:**

1 -бөлім: — Таныстыру

2 -бөлім: —«Бала арманы» үй тапсырмасы(өнер көрсету)

3 -бөлім: — **«Тіл өнері»** мақал мәтелдің жалғасын табу.

4-бөлім: — «Аналарға арналған сайыс» ситуациялық сұрақтар

5 -бөлім: — «Мен анамның көмекшісімін» атты мастер класс сайысы.

**1 бөлім** —Таныстыру (әр отбасы өздерін таныстырып өтеді)

**Жүргізуші:** Әділ қазы мүшелерінен таныстыруға берген бағаларын сұрасақ.

**2- бөлім:** Кедеймін деп қысылма,  
Өнерің болса қолыңда.  
Өнерлінің ырысы,

Жарқырап жатыр жолыңда — демекші ата-ана мен баланың дайындаған

**«Бала арманы»** үй тапсырмасын тамашалайық.

Әділ қазы мүшелерінен үй тапсырмасына берген берген бағаларын сұрасақ.

Өзінің алғырлығын ұғындырып,  
Көрсетер көп іздеген мығым қылық,  
Келесі бұл сайыстың жоспарында,

Түседі бәйгеге білімділік — деп, сайысымыздың 3 бөлімі — **«Аналарға арналған сайыс»** ситуациялық сұрақтар. Конверттердің ішінде отбасыдағы жағдайларға байланыстыс ситуациялық сұрақтар ұсынылады.

3 –бөлім: — **«Тіл өнері»** мақал мәтелдің жалғасын табу.

1. Ананың көңілі балада, ..... (баланың көңілі далада)
2. Ұяда не көрсең , .....( ұшқандасоныілерсің)
3. Ананыңсүті – бал, .....( баланыңтілі – бал)

4. Туғанүйдіңтүтініжылы, .....( туғанананыңкүтіміжылы)
5. Анаңаауырсөзайтпа, .....( артыңаауыржүкартпа)
6. Бала - бақшадағыгүлің, -----(оны тәрбиелеуүлкенғылым)
7. Құсбалапаныүшін----- (тұзаққатүседі,)
8. Анасүтінақтамағанды -----(ешкімжақтамайды).
9. Әдепті бала ата-анасынмақтар ----- (әдепсіз бала ата-анасынқақсатар).

## VI.Бейнематериалкөрсету

### **4 бөлім — «Мен анамның көмекшісімін» атты мастер класс сайысы.**

#### **Жүргізуші:**

**Қорытынды:** Ата-аналардың тілегі,

Адам болып өскенің,

Адамдықтың тірегі,

Адал болып өскенің.

Сайысты Василий Александрович Сухомлинскийдің сөзімен аяқтағым келеді: «Тек қана ата-аналармен бірге, жалпы күш- жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін» Әділқазы мүшелері сайыстың төрт бөліміне бағалап шешімдерін айтқанша «Жүректен- жүрекке» шеңберіне тұрайық.

#### **Рефлексия.**

#### **Жүргізуші:**

Әділ қазылар мүшелері сайыстың қорытындысымен таныстырып, марапаттау рәсіміне көшейік. Сайысқа қатысқан ата-аналарға алғысымды

білдіремін.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.